



ЗАТТАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН АТАЛЫМДАРДЫҢ ІШКІ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Sveta SAMENOVA*

Kamшат OMAROVA*

АННОТАЦИЯ

Заттану арқылы жасалған аталымдар - барлық тілде кездесетін, сөздік құрамнан орын алған сөздер. Заттанған сөздердің аталым деңгейіне жету дәрежелері әр тілде түрліше болып келеді. Ол тілдердің ішкі мағыналық құрылымдарының түрлілігімен сипатталады. Қазақ тіліндегі заттану арқылы жасалған аталымдардың да ішкі мағыналық құрылымдары заттану деңгейлеріне қарай әр түрлі болып келеді.

Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі аталым теориясының негізін қалаған ғалымдар еңбектеріне шолу жасала отырып, аталым жасаудағы сөздің ішкі мағыналық құрылымының қызметі қарастырылады. Кез келген тілдегі сөздік құрамның молаюының бір жолы – жаңа сөз, яғни жаңа аталым жасау болса, ол тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларының ықпалы арқылы жүзеге асып жатады. Заттану арқылы, оның ішінде сын есімнің заттануы арқылы жасалған аталымдар, аталым деңгейіне жеткенге дейін бірнеше мағыналық даму кезеңінен өтеді де, қазіргі тілде зат есімдер қатарында танылады.

Сонымен қатар, мақалада қазақ тілінде бір сын есімнің әр түрлі мағынада заттануынан бірнеше аталымның жасалатындығы тілдік деректер негізінде талданады. Сөз мағынасының қалыптасуы – адамның ойлау әрекетінің өнімі, ал өзгеруі мен дамуы – адамның танымдық әрекетінің нәтижесі деген қорытынды тұжырым жасалады.

Клт сөздер: Қазақ тіл білімі, заттанған сөздер, аталым, ішкі мағыналық құрылым,

THE INTERNAL SEMANTIC STRUCTURE OF NOMINATIONS OBTAINED BY MEANS OF SUBSTANTIVISATION

ABSTRACT

The substantivized nominations are the lexical phenomena, words which exist in the vocabulary of all languages. The levels of substantivisation of words vary in every language. It is characterized by the diversity of the internal semantic structure of the languages. And the substantivized nominations in the Kazakh language vary according to the internal semantic structure of the words.

This article gives the review of the works of the Kazakh linguists who founded the bases of substantivisation theory in the Kazakh language and it considers the function of the internal semantic structure of the word. One of the ways of enriching the vocabulary of any language is to create a new word or a new notion which can be achieved by means of linguistic and extra-linguistic factors. By means of substantivisation, along with the substantivisation of adjectives the nominations undergo semantic variations and are recognized as nouns in the modern language.

Besides, based on the linguistic facts the article gives the analysis of the substantivisation of one adjective with different meanings resulting in creation of several nouns. Summarizing the conclusion is made that the word formation is a product of human's mental activity, and the changing and development process is the result of the human's cognitive ability.

* O.A.Baykonurov Üniversitesi, Kazak Dili Bölümü, yazkaz2013@mail.ru

* O.A.Baykonurov Üniversitesi, Kazak Dili Bölümü

Keywords: The Kazakh linguistics, substantivized words, nomination, semantic internal structure, the level of substantivation,

XX ғасырдың басынан зерттеле бастаған тілдік аталым теориясы бүгінде тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде танылады. Аталым теориясының негізінде тіл білімінің жаңа бағыттары, жаңа салалары қалыптасып, ғылыми жүйелері айқындала бастады.

Аталым теориясының жалпы мәселелеріне және осы үдерістің жекелеген сұрақтарына қатысты қазақ тіл білімінде біршама ғылыми еңбектер жазылып, мақалалар жарық көрді. Атап айтар болсақ, К.Ш.Хұсайын, Ө.Айтбайұлы, Р.Сыздық, З.Қ.Ахметжанова, Л.Қ.Жаналина, Г.И.Байгунисова, Т.Жанұзақов, О.Нақысбеков, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Б.Қасым сияқты ғалымдар еңбектерінде атаулану үдерісі, оның жеке кезеңдері, аталым үдерісінің уәжділікпен байланысы, терминологиялық аталымдар үдерісі тәрізді мәселелердің басы ашылып, айқындалды. Аталым саласын зерттеген ғалымдардың пайымдауынша, тіл жүйесіндегі кез келген атау белгілі бір тәжірибе нәтижесі болып табылады. Қандай да бір ұғым атауының пайда болуын адам тәжірибесінен тыс қарауға болмайтындығы, адамның дүниені тануы оның бойындағы аялық біліміне, дағдысына тікелей байланысты болып келетіндігі ғылыми еңбектерде баса айтылып жүр.

Ономасиология тіл білімінің жеке саласы, оның өзіндік зерттеу нысаны бар. Бұл саланың зерттеу нысанына атаулар табиғатына қатысты тілдік бірліктердің тууы, пайда болу үдерісі, аталым түрлері, туынды сөздер, аталымдық заңдылықтар, мағына мен ұғымның қалыптасуы сияқты күрделі мәселелер жатады. Осы аталған мәселелерге тікелей қатысы бар тілдік құбылыстың бірі – заттанған сөздерден жасалған аталымдар.

Заттану негізінде пайда болған жаңа аталымдар (туынды сөздер) тілде молынан ұшырасады. Әлем тілдерінде, түркітанымда туынды сөзге қатысты теориялық жаңалықтар, негіздемелер сөзжасам тұрғысынан зерделеніп жүр. Оның теориялық негіздері уәждеме және аталым теориясында жатқаны Е.С.Кубрякова, Е.А.Земская, И.С.Улуханов, Л.Қ.Жаналина, Б.Қасым, А.Салқынбай т.б. зерттеу жұмыстарында нақтыланды. Аталым саласы – тілдік элементтердің таңбаланушы нысанмен бірігуін зерттейтін атаулану үдерісі. Аталымның зерттеу нысаны ретінде жеке ұғым, зат, сапа белгілері алынады. Б.Қасым: «Аталым – шындық болмыстың белгілі бір бөлшектерін атауға және белгілеуге қабілетті тілдік бірліктердің қалыптасу, жасалу үрдісінің нәтижесі» (Қасым 2001: 183) дей отырып, аталым жасаудағы сөздің ішкі мағыналық құрылымының қызметін анықтап береді.

Кейінгі жылдары бұл үдеріс зерттеушілер тарапынан тереңірек қарастырылуда, тілдік аталымның табиғатын ашуға қызығушылық артуда. Тілдегі сөздік құрамның молаюының бір жолы – жаңа сөз, яғни жаңа аталым жасау болса, ол тілдің ішкі, сыртқы факторларының ықпалымен жүзеге асып жататындығы мәлім.

Тіл білімінде аталым теориясы төңірегінде арнайы зерттеулер баршылық. Мәселен, Е.С.Кубрякова былай дейді: «Чтобы быть единицей номинации, эта единица должна удовлетворять одному требованию – обозначать, служить названием, выделять именуемое как отдельную сущность и величину, осуществлять номинативную функцию» (Кубрякова 1977: 222-304). Бұл айтылған пікірдің қазақ тіліндегі заттанған сындар арқылы жасалған аталымдарға да қатысы бар. Заттану арқылы жасалған аталымдар тілде бірден пайда болған жоқ, олардың жасалуының белгілі бір кезеңдері болған. Заттану нәтижесінде туған жаңа аталымдардың тілде бірден жасалмайтындығы, олардың екінші заттық мағынасының тілде әбден орнығып, жалпыға танылып үлгеруі үшін ұзақ уақыт қажет болатындығы осы мәселені қарастырған зерттеушілердің еңбектерінде айтылады. Қазақ тіліндегі сын есімдердің заттануы арқылы тілде пайда болған аталымдардың жасалу және қалыптасу жолдарын бірнеше кезеңге бөліп көрсетуге болады.

1) Алғашқы кезең: сын есім сөздің заттық мағынада бірінші рет қолданылуы. Оған себеп болып отырған тілдік факторлар ретінде тілдегі ықшамдалу, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі құбылыстарын атауға болады. Сөздердің заттық мағынада алғаш рет қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілде де жүзеге асуы ықтимал.

2) Екінші кезең: сын есім сөз аталған заттық мағынада жиі қолданылуы нәтижесінде бұл мағына тілде орнығып, көпшілікке танылады да, сол заттық мағынада қолданылуы дағдылы құбылысқа айнала бастайды. Яғни, заттанған сөздің мағынасы жалпыхалықтық сипатқа ие болады.

3) Үшінші кезең: белгілі бір сын есімнің бойында осы аталып отырған заттық мағына толығымен тұрақталады. Бұл кезеңде сын есім сөз өзінің алғашқы сындық мағынасынан қол үзеді немесе тілде алғашқы мағынасымен омоним болып келетін екінші сөз қалыптасады.

4) Төртінші кезең: сын есім сөз зат есімге түбегейлі өтіп, тілде күтілген нәтиже – аталым пайда болады. Яғни, бұл кезеңде сөз заттанудың ең жоғарғы деңгейі – аталым дәрежесіне жетеді. Сөйтіп, тілде заттың атын білдіретін жаңа атау пайда болады да, ол тілдік айналымға түсіп кетеді. Яғни, аталымдық қызметтің нәтижелері апробациядан өтіп, социуммен қабылданып, узусқа айналады.

Заттанудың нәтижесінде аталым деңгейіне дейін жеткен, қазіргі тілімізде зат есімдер қатарында танылып жүрген барлық сөздер жоғарыда көрсетілген даму сатыларынан өтеді. Заттанған жаңа сөздің жасалуы, қалыптасуы, дамуына ықпал ететін себепші жайттың бірі және негізгісі – мағынаның алғашқыда уақытша, одан соң біржола өзгеруі болса, бұл үдерістің ұғым-таныммен тікелей байланысты болатындығы ғалымдар тарапынан айтылып жүр. Қандай да бір сөз табына қатысты сөздің заттық мағынада қолданылу тұрақтылығы жаңа сөздің (зат есімнің) жасалуына негізгі түрткі болады. Яғни, жоғарыда аталған үдеріс барысында жаңа ұғымдар дүниеге келіп, жаңа атауларға қажет жаңа түсініктемелер жасалады. Жаңа ұғым тілде бар сөздердің негізінде қалыптасады. Сөз мағынасының өзгеруі адамның танымдық және коммуникативтік қажеттіліктерінен туындайды.

Демек, басқа сөз табының сөзі заттанып, зат аталымы деңгейіне жеткенге дейін белгілі бір кезеңдерден өтіп, қалыптасады. Аталымдық бірлік танымдық қызметті анықтайды, ал оны белгілеуші таңба белгілі білімді қайталау, қайта айтылу сипатын айқындайды. Белгілі бір ұлттың қоғамдық-саяси, мәдени өміріндегі өзгерістер оның тілінде көрініс табады. Тілдің даму тарихын халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырып қарау - бүгінгі таңдағы қазақ тіл білімінің негізгі зерттеу ұстанымы. Осы орайда, тілде қоғамдық өзгерістің ықпалымен қалыптасқан заттанған аталымдардың да мол екендігін атаған орынды. Мысалы, *ақтар, қызылдар, оңшылдар, солшылдар* тәрізді сөздер кеңес дәуірінде жасалған жаңа аталымдар деп танылса, *ұлтшылдар, қабылдағыш* (аспап), *қазба* (жұмыс түрі) тәрізді аталымдар кейінгі қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістермен сабақтаса қалыптасқан.

«Жаңа ұғымды атау аталым заңдылығымен жүзеге асса, оның жасалуы мен дамуы сөзжасам амалдарына тікелей қатысты» (Қасым 2001: 130), – деп, зерттеуші Б.Қасым орынды атап өткен. Сөздің ішкі мағыналық құрылымы атаудың мағыналық құрылымын түзеді. Ішкі құрылым алғашқы бейне болғандықтан, онда ұғымның негізі жатады, ол ойға бағыт беріп, өзек мағынаның әрі қарай дамуына мүмкіндік жасайды. Ішкі құрылым – атауды құрастырушы сыңарлардың өзара байланысын сақтайтын тұтас, жүйелі ерекшелігін көрсететін тілдік құбылыс. Сол арқылы ғана атаудың тұтастығы түсініледі. Ал уәждеме үдерісінің қатысуымен ішкі мағыналық құрылымның негізінде атау қалыптасады. Ішкі құрылым – атаудың міндетті семантикалық ерекшелігі. Заттанған сыңар ішкі мағыналық құрылымы жағынан алуан түрлі болып келеді. Олар бірде ішкі мағынаның кеңеюі негізінде, енді бірде мағынаның тарылуы арқылы, келесіде тілдік ықшамдалу үдерістерінің ықпалымен, кейде басқа тілден енген сөздердің мағыналық өзгеріске түсуінен жаңа лексикалық бірлік ретінде танылып жатады.

Тіл дамуының, жетілуінің бір көрсеткіші болып табылатын *тілдік ықшамдау, үнемдеу заңдылығы* – кез келген тілде бар құбылыс. Аталым үдерісінде сөзжасамдық құралдар арқылы сөз оралымдарын ықшамдап беру қазақ тілінің негізгі табиғи заңды құбылыстарының бірі болса, ол сын негізді аталымдардың жасалуында да елеулі орын алады. Ықшамдалу сын негізді аталымдардың табиғатына тән негізгі заңдылық ретінде танылады, өйткені ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде заттанған сыңар тілде мол. *Сын есім-зат есім* тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде тілде жаңа аталым

жасалады. Ықшамдалған зат есімнің мағынасы сын есімге бекиді де, сын есімнің номинативтік мағынасы көмескіленіп, не біржола жойылып, екінші заттық мағынасы белсенділік танытады. Тілде бір кезде сындық мәнде қолданылған сөз заттық мағынаға ауысып, жаңа аталым тілдік айналымға түседі. Бұл тілде бірден жүзеге аспай, кезеңдік даму сатыларынан өтеді. Қазіргі тілімізде зат есімдер қатарында танылып жүрген мына сөздерге назар аударалық: *қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызға, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, тоқал, иттік, топан, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сұр, тазы* т.б. Бұл атаулар «сын есім-зат есім» тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалып, оның мағынасының сын есімге көшуінен жасалған. Алғашқы тіркес ономазиологиялық негіз қызметінде жүрсе, ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде пайда болған тілдік бірлік – атау: *қарт* адам, *қате* іс, *үскірік* аяз, *кетік* зат, *науқас* адам, *қарыз* нәрсе, *аңызға* жел, *қырсық* іс, *жетім* бала, *ұры* адам, *қалың* мал, *жау* адам, *тоқал* әйел, *иттік* мінез, *топан* су, *төркін* жұрт, *туыс* адам, *тұсақ* қой, *кедей* адам, *бай* кісі, *еттік* ілгі, *малай* адам, *жарық* сәуле, *соқпақ* жол, *сұр* ет, *тазы* ит – ономазиологиялық негіздер, *қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызға, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, тоқал, иттік, топан, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сұр, тазы* дегендер – атаулар. Ықшамдалып тұрған зат есімнің мағынасы өзін анықтап тұрған сын есімге жылысқан, анықтауыш қызметіндегі сын есімнің мағынасы кеңі түскен. Ол сындық мағынасына қосымша заттық та мағына беру қабілетіне ие болған. Біртіндеп сындық мағына көмескіленіп, оған үстелген екінші заттық мағына кеңінен таныла бастаған да, тілде зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде жоғарыдағыдай аталымдар жасалған. Аталған сөздердің барлығы да сөздіктерден орын алып, зат аталымдары қатарында танылып жүр. Бұл сөздердің заттық мағыналары сөйлемде нақтылана, айқындала түседі. Мысалы: Мал қорасы, *еттігі*, ауыз қорасы адам айтқысыз кең болатын (С.Жүнісов). Жер бетін *топан* басып бара жатқандай (Сөздіктен алынды). Бір *қырсықтың* шалғынын енді білді (Т.Әлжантегі). *Төркіні* жақынның төсегі жиналмас (Мақал). *Жетім* көрсең, жебей жүр (Мақал).

Демек, бұл айтылғандар сындық мағынаның заттық мағынаға ауысуына және сол арқылы тілде жаңа бір аталымның жасалуына ықпал етуші негізгі фактор ықшамдалу құбылысы екендігін танытады. Сын есімнің заттануы осы аталған құбылыспен сабақтасып жатса, ықшамдалудың тілдегі заңды құбылыстардың бірі екендігі, оның мағынаға еш нұқсан келтірмейтіндігін, керісінше, ойды тез әрі әсерлі жеткізуге жағдай жасайтындығын, аз сөзбен көп мағына беруге қабілеттілігін, стильге ықпалын алғашқылардың бірі болып 1980-ші жылдары профессор Н.Оралбаева мәселе етіп көтереді. Қазақ тіл білімінде аталмыш мәселе ғалымның тікелей ықпалымен, басшылығымен кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде зерттеу нысанасына айналады.

Тілдік үнемдеу заңдылығына сәйкес, соңғы кезеңде жаңа жасалымдар тілдегі қолданыста бар атаулардың мағыналық өрісін кеңінен пайдалана отырып жасалып жататындығы байқалады. Сөзжасамның негізгі мақсаты атауға зәру нысанды таңбалау болғандықтан, заттану да аталым қажеттілігін өтеуге қызмет етеді. Адам ақыл-ойының әмбебап қасиеті оның алғашқыда сөз тіркесін толық формасында қабылдап барып ықшамдалуында болып табылады. Адам оның толық дыбысталуы болғаннан кейін барып, ықшамдалған формасын жасауға белсенділік танытады. Ғалымдардың пайымдауынша, ықшамдалу үдерісінің негізіне сөз тіркесінің қолданыс жиілігі мен ұқсату заңдылықтары алынады.

Сөздің ішкі мағыналық жағынан тарылуы да сын негізді аталымдардың жасалуында басты белгі ретінде танылады. Мысалы, ертедегі тілімізде *ару ат, ару ұл, ару батыр* сияқты тіркестердің қолданыста болғандығын, *ару* сөзі ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда «пәк, кіршіксіз, таза» деген сындық ұғымда және діни мәндегі «әулие, ие» деген мағыналарда қолданылғандығын, қазіргі тілімізде бұл сөздің мағынасының тарылып, «сұлу қыз, сүйікті әйел» деген мәндерде жұмсалып жүргендігін Р. Сыздықова атайды (Сыздықова 1994: 13). Кейін келе, *ару* сөзінің түптөркін мағынасы тарылып, *ару* сын негізді аталымының жасалуына әкелген. Бірақ, 10 томдық түсіндірме сөздікте *ару* сөзінің заттық мағынасы берілмей жүр. Біздің ойымызша, бұл сөз – аталым деңгейіне дейін заттанған, екінші заттық мағынасы тілде танылған, тұрақталған сөз. Ол өзінің заттық мәнін «әйел, қыз» сөздерінің тіркесінсіз-ақ бере алу дәрежесіне жеткен. Сондықтан да, оның заттық

мағынасы да сөздіктен орын алып, өзінің сын есім негізімен омоним ретінде танылуы қажет. Мына төменде берілген мысалдардан олардың заттық мәні айқын танылады. Мысалы, Таксидің ішінде бір *ару* отыр, Бөлек жамалы, бөлек мінезі (Ж.Ерманов). Бас найзаға шаншылды, Ат артында *арулар* (І.Жансүгіров). *Арудың* жүзінде мұң, жүрегінде шер барын сезді (Т.Әлжантегі).

Түрлі қаламгер шығармаларынан алынған осы сөйлемдердегі *ару* сөзі «сұлу қыз, сүйікті әйел» деген бірдей заттық мағынада қолданылған.

Сол сияқты, алғашында *аға* сөзінің де «басшы, қол басы» деген ұғымды бергендігін, қазіргі тілімізде бұл сөздің де мағынасы тарылып, «жасы үлкен адам» деген мәнде ғана жұмсалып жүргендігін Р.Сыздықова өз еңбегінде атап өтеді (Сыздықова 1994: 43). Бұл сөздің де алғашқы мағынасының тарылуы ол мағынаның қолданылу аясын шектеген де, біртіндеп заттық мағынаға ауысқан. Бұл мағынасы тілде тұрақталып, сөздіктерде зат есім деп танылған.

Сындық мағынаның тарылуы арқылы жасалған заттануларға тіліміздегі мынадай сөздерді де жатқызуға болады: *шал, бала, ағаттық, қыран, құлаш, көпшік* т.б. Алғашқыда бұл сөздердің сындық мәнде қолданылғандықтарын этимологиялық зерттеулерден аңғаруға болады. Мәселен, *құлаш* сөзі ертеде «есепсіз, ұзын» деген сындық мәнді білдірсе (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 105), *көпшік* сөзі «жұмсақ, былқылдақ» деген сындық ұғымдарда қолданылған екен (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 132). Сол сияқты, *қыран* сөзі де ертеректе «епті, алғыр» деген сындық мағынада жүргендігі байқалады (Нұрмағамбетов 1994: 192). Қазіргі тілімізде бұл сөздердің ол сындық мағыналары тарылып, қолданыстан шыққан да, заттық мағыналары тұрақталып қалған. Бұлар сөздіктердің барлығында да зат аталымы ретінде беріліп жүр. Мысалы: Көкке самғай ұшқан *қыран* қайрылар емес (Ә.Омаров). Өзімнен бір *ағаттық* кеткенін сезе қойдым да, үндемей қалдым (М.Мұратбаев).

Демек, сөздің алғашқы мағынасы тарылып, екіншілік заттық мағыналары жаңа аталым ретінде бекіген сөздердің табиғаты этимологиялық талдаулар негізінде анықталады. Қазіргі тілімізде олар дайын зат аталымы ретінде танылады және сол заттық мағынасында ғана қолданылады.

Кейбір сөздердің мағынасының кеңеюі сын негізді аталымдардың жасалуына түрткі болады. Бұған тілдегі *ақ, көк, қызыл, салқын, ыстық, суық, бай, жарық, кір, қышқыл, орташа, шала, тамаша, жансыз, қызық* тәрізді сөздердің мағыналық жағынан дамып, заттанған аталымдардың жасалуы дәлел бола алады. Мысалы, *жарық* сын негізді аталымының жасалуына *уәж* – күн сәулесінің қараңғылыққа қарсы жарық нұры. Одан әрі мағыналық дамудың нәтижесінде оның «шам, электр жүйесі» деген мағынасы қалыптасқан. Сөздің мағыналық дамуында тілдегі бұрыннан бар сөздердің мағыналарын пайдалану арқылы тілде жаңа қызметте номинативтік бірліктер қалыптасады. Жаңа мағына мен сөздің алдыңғы мағынасының арасында міндетті байланыс бар және ол оның прототипі ретінде қатыса отырып, семантикалық инновацияның *уәждеуші негізі* қызметін атқарады. Жаңа мағына мен алдыңғы мағынаның арасындағы байланыс *мағыналық уәжділіктің* негізінде жүзеге асады.

Сын есімнің мағынасының кеңуі арқылы жасалған аталымдар біршама. Мысалы, ХУІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ресми қағаздардың тілінде билеуші топтың қарсы жағы ретінде «қара халық» деген тіркес қолданылған екен (Сыздықова 1993: 114). *Қара* сөзінің бұл аталған мағынасы күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, бұл сөзге «халық өкілі, көпшіліктің бірі» деген екінші бір заттық мағына үстелген. Оның ол мағынасын төмендегі мысалдардан аңғаруға болады: Бақпен асқан патшадан, мимен асқан *қара* артық (Абай). *Қараның* таққа мінгені, Бір-біріне құда түскені (Мақал).

Кейін осы түр-түсті білдіретін *қара* сөзінің мағынасы одан әрі кеңі түскенін көреміз:

а) Сиыр, жылқы, түйе тәрізді ірі мал мағынасын берген. Мысалы: Кедей баласына айттыратын қыздың қалың малы ең көп дегенде 10 – 15 *қарадан* аспайды (С.Омаров). Өсіресе, кешегі күнде қырық-елу *қараны* Алшынбай аулына да Майбасар мен Қаратайдан айдатып жіберіп еді (М.Әуезов).

ә) Қайтыс болған адамды аза тұту рәсімін білдірген. Мысалы: Былтыр Бөжей өлген күндерде басына қара тіккен ағайын қыстан бері асқа әзірленіп келген (М.Әуезов). Ақ үйдің өзі өзге үйлерден оқшауырақ, белдеуінде қара тігулі тұр (М.Әуезов).

Осы аталған бір ғана сын есім қара сөзінің жеке тұрғандағы тоғыз түрлі заттық мағынасы қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде берілген (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1982: 36).

Жас сөзі де алғашқыда бір ғана мағынаны білдірген, ол – «жаңа шыққан көк өсімдік». Жас сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысып, ылғалды білдірумен «көз жасы» деген ауыспалы мәнге де ие болған тәрізді (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 83). Келесі мысалдардан бұл мағыналар айқын көрінеді. Мысалы: Бұл жиындағы жастар мен қартаң шаруалар түйіліп алған, қатты ашулы еді (М.Әуезов). Жасым сексенді алқымдады (Т.Әлжантегі). Көзінен жас аққанша күліп, шиқ-шиқ етті (Т.Әлжантегі).

Мына келесі сөйлемдерде белгіленген сөздерден де осыны аңғаруға болады. Мысалы, Бақанастың ыстығына наразы боп, асығып келеді (М.Әуезов). Бар жерге қазан асылып, ыстық істеліпті (М.Әуезов). Талай ыстық, суықты да, азаттық сын асуларды да бірге асыпты (М.Әуезов). Тыстан кірген суық пен көп кісінің дабырынан тынышы кеткен Ділдә басын көтерді (М.Әуезов).

Осы мысалдардағы ыстық, суық сөздері әр сөйлемде түрліше заттық мәнде қолданылып тұр. Мәселен, ыстық сөзі ыстық ауа, ыстық ас және қуаныш-жақсылық деген мағыналарды өзіне жамап алу арқылы мағына жағынан дамыған. Ал, сөйлемдердегі суық сөзі бірде қиыншылық, жаманшылық деген, бірде суық ауа деген заттық ұғымдарды білдіріп тұр. Бұдан, әдебиеттің кең өріс алуымен байланысты қалыптасқан сөз мағынасының кеңеюі үдерісінің тілдегі заттану құбылысының пайда болуына біршама ықпал жасайтындығын аңғарамыз. Сөз мағынасының кеңеюі нәтижесінде пайда болған заттанулардың барлығы дерлік өзінің алғашқы шыққан тегімен омонимдік қатар құрайды. Бұл мәселе тіл білімінде кеңінен қарастырылған. Мәселен, сөзжасам мәселесіне қатысты пікір білдірген А.И.Моисеев өз монографиясында транспозицияны тілде бар сөздерге омоним жасайтын тәсіл тұрғысынан қарастыра отырып, былай деп атап өтеді: «Транспозиция – образование омонимов к уже существующем словам» (Моисеев 1987: 76). Автор бір сөз табынан екінші сөз табына ауысу үдерісін транспозициялық құбылыс деп таниды да, субстантивтенуді соның бір жолы ретінде қарастырады.

Қазақ тілінде басқа тілден енген сөздердің де тілде жаңа аталымның жасалуына түрткі болып жататын кездері бар. Бұл мәселе сын негізді аталымдардың жасалуына да қатысты. Бұған тілдегі бейшара, арамза, нөсер, тақыр, дос, дұшпан, пәле, тағала, бейбақ, тажал, ғашық, бетпақ, мәстек т.б. сөздерді жатқызуға болады. Мәселен, нөсер сөзіне сөздікте «шелектеп құятын өткінші жаңбыр» деген түсінік беріледі (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1978: 167). Мысалы: Шелектеп құйған нөсер сабалап тұрды (Ә.Шәріпов). Нөсер алдында нажағай ойнайды (Мақал).

Тілтанушы Ә.Нұрмағамбетов сөз тәркіні монғол тілінен келген дей отырып, оның ол тілде «қиын, ауыр» деген мағыналарда кездесетінін және «нүсэр» сөзінің аталмыш тілде сирек қолданылатындығын атайды. Осыған орай, алғашқыда «нөсер жаңбыр» (қиын жаңбыр) тіркесі пайда болып, кейінгі кезеңдерде нөсер жеке тұрып та жауынның күштілігін аңғартарлық дағдыға айналуы мүмкін деген ой айтады (Нұрмағамбетов 1994: 218).

Сол сияқты, автор мәстек сөзінің шыққан тегін қалмақ тілі дей отырып, оның аталмыш тілде «төмен, аласа, тапал» деген сындық мағыналарда қолданылғандығын және тек жылқыға ғана емес, кез келген аласа, тапал заттар мен жан иелеріне бірдей айтыла беретіндігін атап көрсетеді (Нұрмағамбетов 1994: 206). Қазақ тілінде бұл сөз көбінесе жылқы малына қатысты қолданылады. Мысалы: Өнеугүні аулыңызға келіп еді ғой. Астында құла қасқа мәстегі бар (С.Шарипов). Мәстек шауып тұлпардан бәйге ала ма, Қадірлеп асыл жабу жапқанменен (С.Торайғыров). Кейде ауыспалы мағынада тұрып, «адам» мәнін беруі де кездеседі: Марапатталса, масайрап мәстектер мәшһүр, Табанда тапталғаны ғой әспеттер дәстүр (К.Ахметов).

Тілімізде бүгінде жеке лексема ретінде танылып, заттық ұғымда қолданылып жүрген *келеке* монғол тіліндегі «сақау, тілі мүкіс» деген ұғымдағы сөз (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 87), *жұдырық* башқұрт тіліндегі «домалақ, шар тәрізді» (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 93), *жекпе-жек* парсы тіліндегі *жеке*, *жалғыз* (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі 1967: 101) сындық мәніндегі сөздер. Осы тәріздес сөздер қазақ тіліне сындық мағыналарында емес, заттанып барып енген де, тілдегі жаңа аталымдардың жасалуына түрткі болған. Сол сияқты, *ауылнай*, *бөкебай* сөздерінің орыс тіліндегі сын есімдердің мағынасының заттануы арқылы бірден заттық сипат алуы нәтижесінде пайда болған субстантивтер екендігі (аульный – ауылнай; пуховой – бөкебай) ғылыми грамматикада сөз болады (Қазақ грамматикасы 2002: 341). Демек, тілдегі сын негізді аталымдардың біразы басқа тілден енген сындардың заттық мағынаға ауысуынан жасалған. Бұл тәрізді сөздердің түпмағыналары да этимологиялық талдау барысында анықталады. Кірме сын есімдердің заттануы негізінде қалыптасқан аталымдардың ішкі формасы мен уәжділігі сәйкес келе бермейді, бірақ қолданыс кезінде тіл иесі оны іздеп жатпайды. Уақыт өткен сайын сөздің атау болып қалыптасуындағы бейнесі, уәжі күңгірттеніп, тіпті бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Оның бейнелейтін қызметі солғынданып және соның нәтижесінде мағынасы мен сыртқы тұрпаты да өзгеріске түседі. Қолданыста, синхрондық тұрғыда оның уәжін, себебін іздеп те жатпайды. Тек тілде қалыптасқан дайын лексема ретінде қызмет атқарады, дайын лексема ретінде қолданылады. Кез келген атаудың дыбыстық жамылғышынан оның мағынасының уәжділігін бірден анықтау қиын соғатын тұстары болады. Сондықтан аталым үдерісінде қалыптасқан атауды немесе лексеманы лингвистикалық, экстралингвистикалық факторлардың байланысын есепке ала отырып, айқындауға, көз жеткізуге болады.

Жоғарыда біз тіліміздегі заттану арқылы жасалған аталымдардың жасалу жолдарына тоқталып өттік. Заттану арқылы жасалған кез келген аталым сөздің ішкі мағыналық құрылымындағы өзгеріс негізінде қалыптасатындығы байқалды. Ал, жаңа мағына жоқтан пайда болмайды, олар тілде бар сөздердің мағыналарының өзгеріске түсуінен жасалады. Заттанған сындардың заттық мағыналары астарлы, образды мағына жасау тәсілдері негізінде де, бейнелі емес мағына жасау тәсілдері негізінде де қалыптасқан. Бейнелі мағына жасау тәсілдері метафора мен метонимия, ал бейнелі емес ауыспалы мағына жасау жолдарының қатарына сын есімнің денотаттық мағыналарының әлсіреуі, көмескіленуі немесе керісінше дамуы, эллипсистік ықшамдалу мен жеке қолданым негізінде өзгеріске түсуі жатады.

Тілімізде түбір сын есімдердің заттануынан да, туынды сын есімдердің (қатыстық) заттануынан да жаңа аталымдардың жасалатыны байқалады. Жоғарыда аталған *шала*, *қарт*, *шал*, *бала*, *кедей*, *сұр*, *бай*, *тазы*, *жарық*, *салқын*, *жетім*, *жесір*, *тоқал*, *қарыз*, *төркін*, *ұры*, *соқпақ*, *қырсық* тәрізді сөздер негізгі түбір сын есімдердің заттануынан жасалған. Түбір сын есімнен жасалған заттанулар қазақ тілінің төл сөздерінен де, кірме сын есімдерден де болады. Сонымен бірге тілімізде түбір сын есімдердің заттануынан жасалған жалқы есімдер де кездеседі. Мәселен, түбір сын есімнің заттануы арқылы жасалған адам есімдері бар: *Әсем*, *Қисық*, *Әдемі*, *Қоңыр*, *Нәзік*, *Таңсық*, *Сұлу*, *Асыл*, *Абзал*, *Берік* т.б. Халық балаға ат қойғанда жақсы тілекпен немесе белгілі бір ырымға негіздеп қоятыны белгілі. Осы аталған есімдерден де бұл байқалады. Атап айтар болсақ, баласының әдемі, көрікті болуын қалап, *Әсем*, *Әдемі* тәрізді есімдерді қойса, болаттай берік болуын, ардақты болуын қалаудан *Асыл*, *Берік* есімдері жасалған. Сол сияқты, тілімізде түбір сын есімдердің заттануынан жасалған географиялық атаулар (*Шұбар*, *Домалақ*, *Тентек* т.б.), ру атаулары (*Уақ*, *Таз*, *Жырық*, *Қара*) да кездесіп отырады. Түбір сындардың заттануы арқылы жасалған жалқы есімдердің уәжділік сипаттары, семантикасы өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

Сол сияқты, түбір сындардың заттануынан жасалған ит-құс, жан-жануарлар атаулары білдіретін жалпы есімдер де тілден ауқымды орын алады. Мысалы: *тарлан*, *қорқау*, *тоқал*, *арлан*, *тарпаң*, *ұзақ*, *соқыр* т.б. Бұл аталымдардың қалыптасуында түрлі уәжділік белгілер байқалады. Кез келген сөздің уәжділігі атаудың номинативтік белгілерімен байланысты болатындықтан, жоғарыда аталған сөздер алғашқы мағыналарының дамуы негізінде зооаталымға айналған. Мәселен, *соқыр* аталымының

жасалуындағы *уәжділік белгі* ретінде құстың күндіз көрмейтіндігі таңдалған да, *соқыр* сөзі өзінің сындық номинативтік мағынасының үстіне заттық мағынаны да қосып алған.

Қазіргі тілімізде туынды (қатыстық) сындардың заттануы негізінде жасалған аталымдар да баршылық. Олар тіліміздегі заттанған негізгі сын есімдерден де көп. Мысалы: *күздік, түстік, кештік, еттік, иттік, көжелік, қытайлық, тағалық, аналық, оттық, айлық, қатарлас, қадірлес, дәмдес, ауылдас, бауырлас, сырлас, ұялас, деректі, екпінді, жабысқақ, ұшқыш, ашқыш, майлық, сулық* т.б. Бұлардың барлығының заттық мағыналары сөздіктерде берілген. Бірнеше мысал бере кетелік: Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман *жабысқақ* (І.Жансүгіров). Бір күн *дәмдеске* – мың күн сәлем (Мақал). Ондай *иттік* өзінде де бар (Т.Әлжантегі). Ағайынның аты озғанша, *ауылдастың* тайы озсын (Мақал).

Осы сөйлемдердегі белгіленген сөздердің барлығы да сөздіктерде зат аталымдары ретінде танылған. Ал, олардың белгілі бір сөз тудырушы жұрнақтар арқылы зат есімдер мен етістіктерден жасалған сын есімдер болғандығы, алғашқыда синтаксистік тіркестерден тұрғандығы анық. Мысалы: *жабысқақ* – жабысқақ бит; *дәмдес* – дәмдес адам; *иттік* – иттік мінез; *ауылдас* – ауылдас адам.

Негізінен *-шы, (-ші), -лас, (-лес), -лық, (-лік), -ғыш, (-гіш), -гер, (-кер)* жұрнақтары арқылы жасалған туынды сын есімдердің заттық статус алу мүмкіндіктерінің мол екендігі байқалады.

Басқа сөз таптарынан аталмыш жұрнақтар арқылы сын есімдер жасалады да, уақыт өте келе олар сол туынды тұлғасында тұрып, өз мағынасынан ауытқып, заттық мағынаға көшеді. Оған себеп зат есімнің ықшамдалуы болып табылады. Салыстырайық: *күздік* – күздік соғым; *түстік* – түстік ас; *кештік* – кештік ас; *иттік* – иттік мінез, қасиет; *қытайлық* – қытайлық азамат; *аналық* – аналық қой т.б. Бұл жағдайда заттанған сөз үнемі бір ғана заттың сындық белгісін білдіргендіктен, сол заттың атауы оның сын-сапа белгісі арқылы танылу дәрежесіне жеткен. Сол себепті ықшамдалған зат есімнің қолданыста артықтығы байқалып, уақыт өте келе ол қолданыстан мүлдем түсіп қалған.

-шы, -ші, -гер, -кер жұрнақтары арқылы жасалған туынды заттанулардың басым көпшілігі кеңес дәуірінде жасалған терминдер екендігі (*қанаушы, қаналушы, жүргінші, айыпкер, үміткер*) және олар сырт тілдік әсерден қалыптасқандығы, орыс тіліндегі заттанулардың терминденген баламасы болып келетіндігі ғылыми грамматикада сөз болады. Сол сияқты, еңбекте тіліміздегі *ақша* сөзі де сын есім негізді туынды субстантивке жатқызылады да, оның теңгенің, сомның жасалатын қағазының түсіне қатысты қалыптасқандығы айтылады (Қазақ грамматикасы 2002: 341). Осы типтес болып келетін *көгілдір* (аққудың балапаны), *көкше* (балық атауы) аталымдарын да атауға болады. Бұл жаңа аталымдардың да жасалуында заттың түсі, реңі уәждік белгі болып таңдалған.

Осы туынды сын есімдерден заттанған сөздердің ішінде *жансыз* аталымы өзіне назар аудартады, өйткені бұл сөз өзінің тура «жаны жоқ» деген мағынасында емес, ауыспалы мәнде тұрып заттанып, реестр сөз деңгейіне жеткен. Мағынасы «тыңшы, астыртын жұмыс істейтін адам» дегенді білдіреді, сөздіктерде бұл заттық мағынасы беріліп жүр. Мысалы: Екеуі де Игіліктің менің соңыма салып қойған *жансыздары* деді (Ғ.Мүсірепов). Осы кезде көрші руларға бірнеше кісіні жай ғана *жансыз* етіп аттандырған (М.Әуезов).

Сөйтіп, жоғарыда баяндалған жайттардан тілімізде туынды сын есімдердің заттануынан жасалған аталымдардың да молынан ұшырасатындығын аңғардық.

Сын есімнің заттануы арқылы жасалған аталымдар күрделі тұлғада да кездеседі. Олар қосарлану, тіркесу, бірігу арқылы жасалады және кемінде екі сыңардан келеді. Мысалы: *арық-тұрақ, ақсақ-тоқсақ, жетім-жесір, кір-қоқыр, ұсақ-түйек, кәрі-жас, ақ-қара, анық-танық, өлі-тірісі, тамыр-таныс, артық-кем, кәрі-құртаң, кем-кетік, жақын-жаран, думан-қызық* тәрізді қос сөздер сөздіктерде зат аталымы ретінде танылған. Осы үлгідегі сөздердің алғашқыда сын есім болғандығы сырт тұлғаларынан бірден аңғарылады. Қосарланған тұлғада келіп заттанған сын есімдердің заттық мәні заттанған дара сын есімдерден де айқынырақ танылады. Оларда заттық мағынаны жинақтап, топтап көрсету ұғымы бар. Оны мына төменде берілген мысалдардағы заттанған қос сөздерден

анық байқауға болады. Мысалы: Арыз қылған адам көп, *Ақ-қарасын* тексеріп... (Сөздіктен алынды). *Арық-тұрағын* күтіп, көктемнің қара суығынан аман алып қалу шарасы жалпақ елді жаппай басты (М.Әуезов). Олар жазған хабардағы *кем-кетіктердің анық-танығын* тез зерттеу – жергілікті сот және зерттеу орындарының міндеті (С.Мұқанов).

Қосарланған сын есімдердің заттануынан жасалған аталымдардың сыңарлары антонимдес (*өлі-тірісі, кәрі-жас, артық-кем*), синонимдес (*думан-қызық, жақын-жуық*) болып келеді. Сол сияқты, екі сыңары да мәнді (жетім-жесір, ақ-қара) немесе бір сыңары мәнсіз (*ақсақ-тоқсақ, арық-тұрақ*) жұптардан да жаңа аталымдардың жасалуы тілге жат құбылыс емес екендігі байқалады.

Тіркесу арқылы жасалған күрделі сын есімдердің заттануынан қалыптасқан аталымдар тілде көп емес. Оларға мынадай аталымдарды жатқызуға болады: *ет тартқыш, сүт қоректілер, шүйке бас, ту ұстаушылар, әскери міндеттілер, аша тұяқтылар, қос мекенділер* т.б. Тіркескен тұлғада тұрып заттанған сын есімдердің басым көпшілігі терминдік ыңғайда келеді және олар үнемі дерлік көптік тұлғада ұшырасады. Ғылыми еңбектерде бұлар – орыс тілінің ықпалымен кеңес дәуірінде тілде қалыптасқан аталымдар екендігі айтылады.

Шүйке бас тіркесінде айқын номинациялық ұғымнан гөрі, фразеологиялық сипаттың басым екендігі ғылыми грамматикада дұрыс анықталса (Қазақ грамматикасы 2002: 342), осы топқа *еркек кіндікті, көн етікті, көлденең көк атты, шолақ етекте, тік бақай, ығай мен сығай, екі жүзді, асылдың сынығы* тәрізді субстантив тұрақты тіркестерді де қосуға болады. Бұларда да атаулық мәннен гөрі фразеологиялық сипат айқандау байқалады. Бірақ, бұлар тілімізде үнемі дерлік заттық мағынада жұмсалатындықтан, бұларды фразеологизмдер арқылы жасалған жеке аталым ретінде таныған дұрыс болар деп ойлаймыз. Бұндай тіркестердің заттық мағыналары сөйлемдерде ашыла түседі. Мысалы, Олардың үстіне қазір маңайдағы бар Ырғызбайдың *еркек кіндіктісі* түгел аттанып келген (М.Әуезов). *Көлденең көк аттыдан* да бірдеме алып қалсам деп дәмеленіп тұрады (А.Қаражігітов).

Біріккен сын есімдердің заттануынан жасалған күрделі аталымдар тілімізде молынан ұшырасады. Мысалы: *тазқара, саршұнақ, ақбөрте, ақсары, сиякөк, көкжал, ақсарбас, ақсақал, көкқасқа, бозқасқа, қарала* деген сырт тұлғасы жағынан сын есім тәріздес біріккен сөздер тілімізде зат аталымдары деп танылған, олардың заттық мағыналары сөздіктерде берілген. Бірнеше мысал бере кетелік: Бұл тәсілді шебер орындаса, ердің әшекейі күміске *қарала* жүргізгендей тым әдемі болып шығады (Х.Арғынбаев). *Ақсақалдың* аузына құм құйылды (Ж.Аймауытов). Сүйір тұмсықтары кереқарыс, мойындары күжірейген үш *көкжал* дөң асып жоқ болды (Ә.Қалдыбаев).

Осы мысалдардағы *қарала* – күміске жүргізілген ою-өрнек атауы, *ақсақал* – қартайған ер адам атауы болса, *көкжал* – қасқырдың арланының атауы.

Күрделі заттанулардың ішінде біріккен тұлғада тұрып, атаулық мәнге жеткен заттанулар тілімізде өте көп кездеседі. Бұл тәріздес күрделі аталымдардың тілдегі жасалу жолдары зерттеуші Б.Қасым еңбегінде (Қасым 2001) толық қарастырылып, семантикалық ерекшеліктері талданған.

Туынды және күрделі сын есімдердің заттануынан да географиялық атаулар (*Қарағайлы, Шіркейлі, Шортанды* т.б.), әдеби және мәдени шығарма атаулары (*«Кішкентай», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Бозжорға, «Ақмаңдайлым», «Майдақоңыр»* т.б.), жүйрік ат, аңға салатын құс, ат атаулары (*Байшұбар, Құлагер, Құлабесті, Қарашолақ, Көкшулан* т.б.), ру атаулары (*Қаракесек, Шашты, Тарақты, Балталы, Шекті, Ысты* т.б.) қалыптасқан. Бұл аталымдардың жасалу жолдары өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

Қазақ тілінде бір сын есімнің әр түрлі мағынада заттануынан бірнеше аталымның жасалуы да кездеседі. Мәселен, тілімізде түрлі мағынада заттанып кездесетін мына тәріздес сөздер бар:

Ыстық 1) температура; 2) тамақ; 3) ауа райының қалпы. Мысалы: *Ыстығы* көтерілген сайын барды-жоқты айтып, сандырақтай берді (Т.Әлжантегі). Соларға күніне

бір мезгіл *ыстық* істеп беріп отыр (М.Әуезов). *Ыстыққа* шыдамағандары суға қойып кетті (Т.Әлжантегі).

Ақ 1) сүттен жасалған тағам; 2) кеңес үкіметіне қарсы топ; 3) таза, пәк, ақиқат. Мысалы: Ұлыс оң болсын, *ақ* мол болсын (Наурыз бата). Ол оттар *ақтардікі* екенін Ботагөз біледі (С.Мұқанов). *Ақтың* жолын күзетпей, Жамандықты тұтқан жұрт (Бұхар жырау).

Қызық 1) ойын-сауық, тамаша; 2) жақсылық; 3) кездейсоқ болған оқиға. Мысалы: Былтыр ала жаздай серілік құрып, ...сауық-сайран салмадым ба? Содан аяғы *қызық* бітіп, үйге қайтатын да мезгіл жетті (М.Әуезов). Адамның бір *қызығы* бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедім (Абай). Бала-шағаңның *қызығын* көр (Ауызекі тіл). Көрген *қызықтарын* жіпке тізгендей етіп айтып шықты (А.Қаражігітов).

Жарық 1) сәуле, нұр; 2) үміт, қызық, жақсылық. Мысалы: Сығырайған білте шамның *жарығымен* лейтенант қағазын жазып отыр (Ғ.Мүсірепов). Бар ма екен әлде *жарық* алда тұрған (Т.Әлжантегі).

Орташа 1) шаруа; 2) бағалау нормасы. Мысалы: Азын-аулақ малы бар *орташалар* біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүрді (А.Кәрімов). – Отыр, бағаң – орташа, – деді де, ұнатпаған сыңай танытты (С.Оспанов).

Осы тәріздес сын есімдердің бірнеше мағынада заттануы сын есімнің мағыналық жағынан дамуымен, қолданыстық аясының кеңуімен байланысты. Бұндай заттанулар ауыс мағынада қолданылғанымен, өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан толық айрылмайды, мағынаның ішкі бірлігі байқалып тұрады. Осы орайда, тарихи сөзжасамды семантикалық аспектіде қарастырған А.Салқынбайдың келесі пікірінің жаны бар: «... туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымында себепші негіздің семасы сақталып, жалпы өзек мағынаны құрайды, ал номинативтік ерекше белгі арқылы арнайы сема түзіледі» (Салқынбай 1999: 129).

Жоғарыда айтылғандардан сын есімдердің толық заттануы негізінде тілде бірталай зат аталымдарының жасалғандығы, яғни жаңа аталымдардың тілге енгендігі байқалады. Сын есімдердің заттануына негіз болатын құбылыстардың қатарына метафоралық, метонимиялық образды ауыс мағынаға өту тәсілдерін, ықшамдалған қолданыстарды, мағыналық даму мен тарылуды, басқа тілден енген сөздердің мағыналық өзгеріске түсуін жатқызуға болады. Олай болса, сөз мағынасының қалыптасуы – адамның ойлау әрекетінің өнімі, ал өзгеруі мен дамуы – адамның танымдық әрекетінің нәтижесі.

Сын есімдердің толық заттануы нәтижесінде тілде жасалған аталымдарға байланысты айтылған ойларды жинақтай келе, төмендегідей түйін түйеміз:

- заттану арқылы пайда болған аталымдар тілде бірден жасалмаған, олар бірнеше тарихи даму кезеңдерінен өтіп, жалпыхалықтық сипат ала отырып, тілде танылған;

- сын есімнің заттануы нәтижесінде қалыптасқан аталымдардың басым көпшілігі тілдегі ықшамдалу құбылысының ықпалымен жасалған;

- тілімізде сын есім мағынасының тарылуынан, сөз екінші бір заттық мәнге ие болып, жаңа аталымдардың жасалатындығы байқалады;

- сын есім мағыналық жақтан дами отырып заттанады да, тілде жаңа аталымдар жасалады;

- басқа тілдегі сындық мәндегі сөздердің тілімізге еніп, заттануы нәтижесінде жаңа аталымдар жасалады;

- тілде түбір сын есімдер де, туынды және күрделі сын есімдер де заттанып, атаулық мәнге ие болған;

- күрделі заттанулардың ішінде бірігу арқылы жасалған аталымдар тілде молынан ұшырасса, тіркес арқылы жасалған заттанулардың көпшілігі терминдік сипат алған;

- тілде кейбір заттанулардан жалқы есімдер (адам есімдері, географиялық атаулар, әдеби-мәдени шығармалар атауы т.б.) жасалған;

- бір сын есім түрлі мағынада заттанып, тілде бірнеше аталымның жасалуына негіз болатындығы да байқалады.

Жалпы алғанда, тілдің ұлттық сипатта қалыптасуы тілдегі өзгерістермен байланысты. Тілдегі өзгерістер сөз мағынасының, құрылымының, қызметінің өзгеруімен сипатталады. Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа аталымдардың пайда болу себептерін тіл мамандары экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлармен байланыстырады.

Тілшілердің басым көпшілігі заттанудың жаңа сөз жасаушылық қызметін тани отырып, оны сөзжасамға жатқызған. Бұл тұста заттанудың жаңа лексема жасау қызметі ескеріледі. Бұл қызмет заттанған сөздердің бойындағы заттық мағынаның тұрақталуымен анықталады. Заттанған сындарда семантикалық уәжділік болады. Семантикалық уәжділік – бір атаудың екінші бір зат атауымен салыстырғандағы шарттылық байланыс. Яғни, атау мағынасының дамуы барысында алынған екіншілік мағына. Ол түрлі тілдік құбылыстар негізінде қалыптасады. Кейінгі атаудың барлық түрінің негізінде адам ойлауының ассоциативті сипаты жатады. Сөзжасам деңгейіндегі заттануларда номинативтік мән-мазмұнмен қатар, эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық бояма, образды және туынды, астарлық қасиет болады. Заттану арқылы жасалған аталымдардың дискурстық сипаты арнайы зерттеуді қажет етеді.

Тілдің аталымдық қызметі оны тұтынушыларды жаңа аталымдармен қамтамасыз етіп отыруға бағытталған. Тілді тұтынушылар тарапынан болатын аталымға деген сұраныс адамзат қоғамы мен адам ойлауы өмір сүріп тұрған кезде жоғалмайды. Әр халықтың салт-дәстүріне байланысты туындайтын жаңа атаулар тілде түрлі жолдармен жасала береді.

ADEBIETTER

КУБРЯКОВА Е.С., (1977), **Теория номинации и словообразование // Языковая номинация. Виды наименований**, М.: «Наука».

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, (1967). А.: «Ғылым».

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, (1978). А.: «Ғылым».

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, (1982). А.: «Ғылым».

Қазақ грамматикасы, (2002). Астана.

ҚАСЫМ Б.Қ., (2001), **Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым**, А.

МОИСЕЕВ А.И., (1987), **Основные вопросы словообразования в современном русском литературном языке**, Л.

НҰРМАҒАМБЕТОВ Ә., (1994), **Бес жүз бес сөз**, А.: «Рауан».

САЛҚЫНБАЙ А., (1999), **Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: филол. ғыл. докт. автореф.**, А.

СЫЗДЫҚОВА Р.Ғ., (1993), **Қазақ әдеби тілінің тарихы**, А.: «Ана тілі».

СЫЗДЫҚОВА Р.Ғ., (1994), **Сөздер сөйлейді**, А.: «Санат».